

ISSN 1728-7847

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Kazakh National Pedagogical University after Abai

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN**

**«Психология» сериясы  
Серия «Психология»  
Series of «Psychology»  
№1(58), 2019**

**Алматы**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Kazakh National Pedagogical University after Abai**

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN**

**«Психология» сериясы  
Серия «Психология»  
Series of «Psychology»  
№1(58)**

**Алматы, 2019**

Улунова А.Е. Акмеологический, деятельностный, дидактический, компетентностный, личностный и психологический подходы как методологическая основа разработки проблемы культуры профессионального общения государственных служащих.....	3
Ulnova A. Acmeological, activity, didactic, competence, personal and psychological approaches as a methodological basis for investigating the problem of the culture of civil servants' professional communication	
Николаенко С.А. Особенности психокоррекции первичных симптомов ПТСР.....	7
Nickolaenko S.A. Features of the psycho correction of primary symptoms of PTSD	
Сатова А.К., Жусипбекова Н.Р. Некоторые особенности проявления агрессивности в подростковом возрасте.....	12
Satova A.K., Zhussipbekova N.R. Some peculiarities of manifestations of aggression in adolescence	
Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р. Актуализация идей Абу Наср аль-Фараби в решении проблем психологии коллективного субъекта.....	17
Tashimova F.S., Rizulla A.R. Actualization of abu nasr al-farabi's ideas in solving the problems of psychology collective subject	
Жигитбекова Б.Д., Канаева С. Психологиялық тренингтегі топтық ынтымақтастық ерекшелігі.....	23
Zhigitbekova B.D., Kanayeva S.T. Features of group cohesion in psychological training	
Сарбасова Г.Ж. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділіктері.....	27
Sarbassova G.Z. Emotional flexibility future psychologists	
Оспанбаева М.П., Садіббекова М.О. Ұстаздарды эмоциялық күйзелістерден сақтандырудың заманауи-психологиялық стратегиялары.....	35
Ospanbayeva M.P., Sadibekova M.O. Modern psychological strategies for prevention of emotional fighting of teachers	
Тилеубаева М.С., Жигитбекова Б.Д. Шығармашылық іс-әрекеттің психологиялық теориялары мен тұжырымдары.....	40
Tileubayeva M.S., Zhigitbekova B.D. Psychological theories and conclusions of creative activity	
Абишева Э.Д., Қуанәлі М.А. Болашақ психологтардың тұлғалық кәсіби бағыттылығының ерекшеліктері.....	45
Abisheva E.D., Kuanali M.A. Features of the future psychologist in the professional orientation of the personality	
Аблаева Г.К. Манипуляции в межличностном общении.....	49
Ablayeva G.K. Manipulations in interpersonal communication	
Алимбаева Р.Т., Сланбекова Г.К. Теоретический аспект изучения смерти в психологии.....	54
Alimbayeva R.T., Slanbekova G.K. The theoretical aspect of the study of death in psychology.....	
Алимбаева Р.Т., Сланбекова Г.К. Психологиядағы өлімнің зерттелуінің теориялық аспектісі	
Urdabayeva L.E. Psychological competence of the teacher of higher education.....	58
Урдабаева Л.Е. Жоғары мектеп оқытушының психологиялық құзыреттілігі	
Тилеубаева М.С., Мусина С.С. Педагогикалық және психологиялық подходы к профилактике насилия в отношении детей в школах.....	61
Tileubayeva M.S., Mussina S.S. Pedagogical and psychological approaches to the prevention of violence against children in schools.....	
Тилеубаева М.С., Мусина С.С. Педагогическо-психологические подходы профилактики насилия по отношению детей в школах.	
Кусаинова М.А., Мусина С.С. Формирование личностно-профессиональной готовности педагогов-психологов к работе с одаренными школьниками.....	64

Казахский национальный  
педагогический  
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Психология»,  
№1(58), 2019

Выходит с 2000 года.  
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор  
д.психол.н., проф. Намазбаева Ж.И.

Зам. главного редактора  
д.психол.н., проф. Сатова А.К.

Ответственный секретарь:  
к.психол.н., и.о.,  
ассоциированного профессора,  
Жигитбекова Б.Д.

Редакционная коллегия:  
д.психол.н., проф., академик РАО,  
академик-секретарь отделения  
возрастной психологии и физиологии  
РАО Малых С.Б.,

директор международного  
института Дифференциальной  
психологии, д. PhD, д.психол.н., проф.

Нагибина Н.Л. (Берлин),  
институт Психологии академии  
специальной педагогики им. Марии  
Григорьевской Ярослав Рола,

д.психол.н., доцент,  
Акажанова А.Т.,  
К.психол.н. доцент кафедры  
психологии, политологии и  
социокультурных технологий  
Сумского государственного  
университета Уланова А.Е.,

магистр психологии,  
Қонысбаева А.Б.,  
магистр психологии  
Дусенбаева А.О.

© Казахский национальный  
педагогический университет  
имени Абая, 2019

Зарегистрировано в Министерстве  
культуры и информации  
Республики Казахстан 8 мая 2009 г.  
№10103-Ж

Подписано в печать 09.04.2019.  
Формат 60x84 1/8. Объем 21,25 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 643.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального  
педагогического  
университета имени Абая

- Kussainova M.A., Mussina S.S. Creating a student-professional readiness of teachers-psychologists for work with gifted students  
Егенисова А.Қ., Бекесова А. Эмоциялық интеллект жетістікке жету жолы..... 67
- Yegenissova A.K., Bekesova A. Emotional intelligence is the path to success  
Егенисова А.Қ., Ерубайева А.Р. Психология пәнін оқытуда компьютерлік техникаларды қолданудың педагогикалық-психологиялық аспектілері..... 72
- Yegenissova A.K., Yerubayeva A.R. Pedagogical-psychological aspects of the use of computer technologies in the teaching of psychology  
Егенисова А.Қ., Теңізбаева С. Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар берудің психологиялық ерекшеліктері..... 78
- Yegenissova A.K., Tengizbayeva S. Psychological peculiarities of the proforientation work of pupils of the senior classes  
Усенова А.М., Құралбаев С.А. Басшының басқару стилінің еңбек ұжымына психологиялық әсері..... 82
- Usenova A.M. Kuralbaev S.A. Psychological influence of the management style of the chief on the labor collective  
Свишникова Н.С. Касымжанова А.А. Проблема здоровья личности как предмет изучения зарубежной психологии..... 87
- Svishnikova N.S., Kassymzhanova A.A. The problem of the health of the individual as a subject of study foreign psychology  
Kenzhebayeva T.B., Turalina G.B. Parents' attitudes to the inclusion of children with special educational needs in schools..... 93
- Kenzhebayeva T.B., Turalina G.B. Жалпы және арнайы мектептерде оқуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың инклюзиясына ата-аналардың қарым-қатынасы  
Ахметов Н.А. Жоғары дәрежелі спортшылардың психологиялық мәселесі..... 97
- Akhmetov N.A. Psychological training of highly qualified athletes during trainings  
Сапарқызы Ж., Майгельдиева Ш.М. Концепция здоровьесберегающего обучения - составная часть гуманного типа образования..... 102
- Sapargyzy Zh., Maigeldiyeva Sh.M. The concept of health-saving education - composition of the human education type  
Ширинбаева Г.К. Ценностно-нормативная основа этики социально педагогической работы..... 107
- Shirinbaeva G.K. Value-normative basis of ethics of social and pedagogical work  
Каримова Р.Е., Бейсембаева К.Д. Балабақша педагог-тәрбиешілерін психологиялық қолдау..... 111
- Karimova R.E., Beisembayeva K.D. Psychological support of the teachers of kindergarden  
Каримова Р.Е., Бейсембаева К.Д. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың танымдық қызығушылығын дамытуда жаңартылған технологияларды қолданудың ерекшеліктері..... 116
- Karimova R.E., Beisembayeva K.D. Features use of new technologies in the development of the cognitive interest of children of preschool organization  
Советканова Д.М., Сейсенбаева Ж.А. Психологические особенности обучения взрослых..... 120
- Sovetkanova D.M., Seisenbayeva Zh.A. Psychological peculiarities of adult training  
Ордагулова Д.И. Тұлғаның нарықтық қатынастарға әлеуметтік-психологиялық бейімделуі..... 124
- Ordagulova D.I. Social-psychological adaptation of personality to market relations  
Ордагулова Д.И. Мектепке дейінгі шақтағы балалардың қабілеттерін ойын арқылы дамытудың психологиялық ерекшеліктері..... 130

**Kazakh National Pedagogical National University named after Abai**

**BULLETIN**

«Bulletin KazNPU named after Abai»

**Series «Psychology»  
№1(58), 2019**

**Editor in chief**

*doctor of psychological sciences.,  
academician, professor*  
**Zh.I. Namazbayeva**

**Deputy Editor-in-Chief**

*doctor of psychological sciences, professor,  
Abai KazNPU*  
**Satova A.K.**

**Executive Secretary:**

*candidate of psychological sciences,  
associate professor, Abai KazNPU*  
**Zhigitbekova B.D.**

**The editorial board members:**

**S.B. Malykh**

*doctor of psychology, professor,  
academician of RAE,  
academician-secretary of the  
Department of age psychology and physiology  
of RAE*

**N.L. Nagibina (Germany),**

*director of the International Institute of  
Differential Psychology ,  
doctor PhD, Ph.D. psychologist, professor.*

**Jaroslav Rola**

*Institute of Psychology, Academy of Special  
Pedagogy. Maria Grigorevskaya.  
PhD doctor of psychological sciences, prof.*

**A.T. Akazhanova – doctor  
of psychological sciences, professor,  
Abai KazNPU**

**A.Ulunova**

*Candidate of Psychology, Assistant Professor,  
Department of Psychology, Political Science  
and Socio-Cultural Technologies,  
Sumy State University*

**A.B. Konysbayeva – master of psychological  
sciences, teacher, Abai KazNPU**

**A.O. Dysenbayeva -- master  
of psychological sciences, teacher,  
Abai KazNPU**

© **Kazakh National Pedagogical University  
named after Abai, 2019**

Registered in the Ministry of Culture and  
Information of the Republic of Kazakhstan  
8 May 2009 №10103-Zh/Ж

Signed in print 09.04.2019.

Format 60x84 1/8

Volume 21,25 teaching and publishing lists.  
Number of copies 300, Order 643.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,  
KazNPU named after Abai

Publishing House “Ulagat” of the Kazakh  
National Pedagogical University named after  
Abai

**Ordagulova D.I.** Psychological features of developing flairsfor  
children of preschool age through playing activity

**Абдуллаева Г.О., Ажитаева А.С.** Сущность готовности  
будущих учителей к использованию методики с неуспевающими  
учащимися..... 137

**Abdullaeva G.O., Azhitayeva A.S.** The essence of readiness of  
future teachers to use methods with underachieving students

**Көкшеева З.Т.** Дағдарыс кезіндегі жас отбасылық қатынастың  
психологиялық ерекшеліктері..... 141

**Koksheeva Z.T.** Psychological characteristics relationship of a young  
family in crisis

**Karpysheva G.K., Fedosova S.A.** Phraseological equivalents of  
english, russian and kazakh languages of the semantic field «colour».. 144

**Капышева Г.К., Федосова С.А.** «Түр-түс» семантикалық  
өрісіндегі фразеологиялық сәйкестіктердің ағылшын, орыс және  
қазақ тілдеріндегі баламалары.

**Limasheva L.A.** Features of studying critical thinking in the  
university..... 147

**Лимашева Л.А.** Жоғары оқу орындарында сыни ойлауды  
оқытудың ерекшеліктері

**Икрямова М.Н., Абдигаббарова У.М.** Студенттердің өзіндік  
жұмысын ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық  
шарттары..... 150

**Икрямова М.Н., Абдыгарбарова У.М.** Psycho-pedagogical  
conditions of organization of independent work of students

**Сатыбаева Б.М.** Жеке тұлғаны зерттеуде графологияның  
алатын орны..... 156

**Satybaeva B.M.** Role of graphology in the study of personality

**Бикадамова А.К.** Өртүрлі жоғары оқу орындарында оқитын  
студенттердің стресстік күйлерінің психологиялық ерекше-  
ліктері..... 160

**Bikadamova A.K.** Psychological features of the stress state of  
students studying in different universities

**Абил А.С.** Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқытудың  
сапасын инновациялық бағытта дамыту..... 165

**Abil A.S.** Development of quality education in innovative purposes

**Ғазиева Б.С.** Кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы  
тежелген оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту..... 168

**Gaziyeva B.S.** Evelopment of educational and cognitive activity of  
junior schoolchildren with delay in mental development

**Тургынбаева Б.А., Атабекова Б.Б.** Роль социального  
партнерства в системе образования..... 173

**Turgunbaeva B.A., Atabekova B.B.** The role of social partnership  
in the education system

**Байкулова А.М., Ибраимва Ж.К.** Жоғары сынып оқушылары-  
ның лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің психологиялық-  
педагогикалық проблемасы..... 177

**Baikulova A.M., Ibraimova Zh.K.** Psychological and pedagogical  
problems of education to preparedness senior pupils for leadership

**Жигитбекова Б.Д., Садықова А.Қ.** Мектеп жасына дейінгі  
балаларда шама туралы түсінік қалыптастыру үшін балалармен  
психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізудің маңызы..... 182

**Zhigitbekova B.D., Sadykova A.K.** The importance of  
psychological-pedagogical work with children for the formation of the  
importance of the size of children at preschool

**Сейтова А.Л., Төлегенұлы Н.** Болашақ педагогтардың оқу-  
кәсіби сана-сезімін дамыту..... 187

**Seitova A.L., Tolegenyly N.** The development of educational-  
professional consciousness of future teachers

**Мурзагулова. М.Д., Жамалова Т.Б.** Отбасыдағы конфликтілі  
жағдайдың туындау себептері..... 191

**Мурзагулова. М.Д., Жамалова Т.Б.** Causes of conflict situation in  
the family

<b>Тимохина Т.В., Акынжанова А.А.</b> Мотивация как условие профессионального образования студентов технического вуза.....	195
<b>Timokhina T.V., Akynzhanova A.A.</b> Motivation as a condition of professional education of students of a technical university	
<b>Аманова И.К., Кудушева Н.А.</b> Тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын зерттеудің әдіснамалық мәселелері.....	198
<b>Amanova I.K., Kudusheva N.A.</b> Methodological problems in the study of self-identity	
<b>Нурғалиева Д.А., Шагаева Ү.</b> Психолого-педагогические аспекты общения детей дошкольного возраста.....	203
<b>Nurgalieva D.A. Schagaeva U.</b> Psychological and pedagogical aspects of communication of the preschool children	
<b>Муханбетчина А.Г. Кенжеғалиева А.Ж.</b> Зерде бұзылысы бар жасөспірімдердің тұлғааралық - қатынасының ерекшеліктері.....	207
<b>Mukhanbetchina A.G. Kenzhegaliev A.Zh.</b> Features of interpersonal communication of adolescents with intellectual disabilities	
<b>Аубакирова С.А.</b> Изучение проблемы поиска путей разрешения конфликтов в общеобразовательной среде.....	213
<b>Aubakirova S.A.</b> Studying the problem of searching for the ways of resolution of conflicts in the general educational environment	
<b>Мадалиева З.Б., Гумерова А.А., Жубаназарова Н.С.</b> К вопросу изучения физического «Я» образа.....	218
<b>Madaliyeva Z.B., Gumerova A.A., Zhubanazarova N.S.</b> Physical self- image study.	
<b>Акажанова А.Т., Мухаметжанова А.</b> Кәмелетке толмаған балаларда девиантты мінез-құлық қалыптасуындағы отбасының әсері.....	224
<b>Akazhanova A.T., Mukhametzhanova A.</b> Influence of the family on the formation of the deviant behavior of minors.	
<b>Байсултанова С.Ч.</b> Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудағы замануи әдіснамалық тұғырлар.....	227
<b>Baisultanova S.</b> Modern methodological approaches in the development of professional and personal qualities of postgraduate students	
<b>Igembaeva K.S., Slanbekova G.K.</b> The study of socio-psychological adaptation of the students.....	231
<b>Игембаева К.С., Сланбекова Г.К.</b> Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуін зерттеу	
<b>Садреймова Ж., Лимашева Л.А.</b> Болашақ кәсіби маманның белгілі бір мамандыққа сәйкес келуін психологиялық зерттеу мәселелері.....	236
<b>Cadreimova A.Z., Limasheba L.A.</b> Problems of psychological research of conformity of the future professional technician professional qualifications	
<b>Ботабаев Ғ.Е., Унгарбаева Ш.У.</b> Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны теориялық талдау.....	239
<b>Botabaev G.E., Ungarbaeva Sh.U.</b> Theoretical analysis of the psychological content of pedagogical tolerance in the development of special abilities of a teacher.	
<b>Спатай А.О., Байбекова М.М.</b> Үздіксіз кәсіби білім берудегі оқытушылардың дайындығы мен инновациялық әлеуметтенудің психологиялық даярлығын теориялық зерттеу.....	244
<b>Spatay A.O., Baibakova M.M.</b> Theoretical research of psychological training of teachers of lifelong professional education and innovative socialization	
<b>Бименов Қ.Т., Токсанбаева Н.Б.</b> Студенттердің психологиялық әл-ауқатының өзгерістеріне оқу мотивациясының ықпалын теориялық зерттеу.....	248
<b>Beumenov K.T., Toxanbayeva N.B.</b> Theoretical study of the influence of educational motivation on changes in students' psychological well-being.	

<b>Тумышев Б.А., Аязбаева Б.Б.</b> Қазіргі заманғы жастардың адамгершілік сезімі туралы ойларының өзін-өзі бағалауына әсерін диагностикалау.....	252
<b>Tumyshev B.A., Ayazbaeva B.B.</b> Diagnostics of influence of thoughts about moral feelings of modern youth on their self-assessment.	
<b>Тоқсанбаева Н.Қ., Тоқсанбаева Н.Б.</b> Педагогикалық қарым-қатынас стилдерін қолданудың психологиялық маңыздылығы.....	256
<b>Toxanbaeva N.K., Toxanbaeva N.B.</b> Psychological significance of the use of pedagogical communication styles.	
<b>Қыдырова С.Р., Жиенбаева Н.Б.</b> Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары.....	259
<b>Kudyrova R., Zhienbaeva N.B.</b> Psychological-pedagogical conditions of development of creative thinking in students	
<b>Капышева Г.К., Федосова С.А.</b> Дағдарыстағы студенттердің когнитивті қызығушылығын арттыру	
<b>Капышева Г.К., Федосова С.А.</b> Developing of cognitive interests of students.....	263
<b>Капышева Г.К., Федосова С.А.</b> Оқушылардың когнитивті қызығушылығын арттыру	
<b>Нұрмұхаметова Р.Ә., Көкшеева З.Т.</b> Жас көшбасшы" пәнінің студенттердің көшбасшылық қабілеттерін тәрбиелеудегі маңызы.....	269
<b>Nurmukhametova R.A., Koksheeva Z.T.</b> The significance of the "young leader" discipline in upbringing students' leadership skills	
<b>Есімғалиева А.</b> Болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың психологиялық мәселелері.....	272
<b>Yessimgaliyeva T.M.</b> Psychological problems of the formation of professional readiness of future teachers of psychology	
<b>Кобер И.Х., Касымов С.Б., Шарипова Г.К.</b> Психолого-педагогические аспекты формирования личностных качеств учителя..	276
<b>Kober I.Kh., Kasimov S.B., Sharipova G.K.</b> Psychological and pedagogical aspects of formation of personal qualities of the teacher	
<b>Әбдіғаббарова Ұ.М., Баймұханбетов Б.М.</b> Болашақ мамандардың лидерлік сапасын арттырудың теориялық-әдіснамалық негіздері.....	280
<b>Abdigapbarova U.M., Vaimukhanbetov B.M.</b> Theoretical and methodological basis for the development of leadership skills of future specialists	
<b>Балтабаев Н.Т., Тоқсанбаева Н.Қ.</b> Эмоциялық тұрақтылыққа қарым – қатынастың психологиялық әсерін теориялық зерттеу....	284
<b>Baltabaev N., Toxanbaeva N.</b> Theoretical studies of psychological impact of communication on emotional stability	

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының (2003 жылғы 26 маусым №433-3 ж бұйрығы) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы журналының «Психология» сериясын психология ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (приказ №433-3 ж от 26 июня 2003 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Психология» внесен в перечень изданий для публикаций основных научных результатов диссертаций по психологическим наукам.

On the basis of decision of Committee for control in sphere of education and science (order №433-3 ж from June 26.2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Psychology» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertation of psychological sciences.

# ТҮРІК ХАЛҚЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚША РЕФЕРАТ

*Түрік халқы әрқашанда өзі ұмтыла алатын  
мақсаттарға мұқтаж.*

Р. Роллан

Түрік халқының тарихы бірнеше халықтардың мәдениетімен, тілдерімен біте қайнасқан түрлі оқиғаларымен таң қалдырады. Ұлы Византиялық, білімді арабтық және жауынгер түркіліктер ата-бабалары біртұтас түрік халқы ретінде топтасып, екінші Вавилон құрды.

Түрік атауы көне «түркі» сөзінен шыққан. Басқа да атаулары кең тараған: түріктер, түрік-жавахтар, месхетин түріктері, алхалцих түріктері, месхетиндер, Кавказ түріктері. Түріктердің этногенезі екі негізгі компоненттен тұрады: Азия мен Кавказ өңірінде жаппай пайда болуы II ғасырда басталған месхтардың грузиндік тайпалары және түріктер. Месхет жотасы ауданы грузин патшалары мен түрік сұлтандарының билік ету аясын бөліп тұратын шекаралық аймаққа айналды. XIII ғасырдағы монғол басқыншылығы мен 1395 жылғы Темір жорығынан туындаған жаппай қоныс аудару Грузияның оңтүстік-батыс шекаралық аудандарында, әсіресе оңтүстіктен басып кіруден әлсіз қорғалған Месхетияда түріктер санын көбейтті және кейіннен оның тұрғындарының бір бөлігінің осман түріктеріне сіңісіп кетуін жеңілдетті. 1555 жылы Самцхе-Саатабагоның Осман империясы құрамына енгеннен кейін Месхетия аумақтары түрік этносының әсер ететін аймағында қалып, Ахыска патшалығы деп аталды. Түріктермен жергілікті тұрғындардың сіңісуі діни және тілдік бағытта да жүргізілді.

Мұсылмандыққа өту барлық жағынан мадақталды. Осман империясында аралас тұрғындары бар жерлерде ауызекі сөйлеу тіл болып келген түрік тілі ұлтаралық тілге айналды. Нәтижесінде жергілікті түрік диалектісінде сөйлейтін, екінші-мұсылман екенін білдіретін, түрік-түркілер жалпы этнонимі пайда болды. Грузия құрамындағы Ахалцих ауданының Ресейге қосылу уақытына қарай (1829) мұсылман-месхетиндер сол аймақтың саны жағынан ең аз тұрғындары болды, бірақ 19 ғасыр бойы және 20 ғасырдың 1-ші ширегінде олардың үлесі бірте-бірте өсті.

Түрік тілі түркі тілдерінің бірі, оғыз тобына жатады. Түрік және түркі сөздері көптеген тілдерде ұқсас айтылатын болғандықтан, түрік тілін кейде «анатолы - түрік» деп атайды (Азияның ежелгі атауы – Анатолы). 1918-1923 кемалистік революцияға дейін және Түркия республика болып жарияланған соң осман тілі болып аталған. 30-шы жылдардың аяғына қарай месхетин мұсылмандарында түрік-месхетиндер жалпы этнонимі болды, ал жергілікті месхетиндер (19 ғасырдан бастап православиялықтар) оларды түріктер деп атады.

Түріктердің дәстүрлі тағамдары әр түрлі және өте бай. Түрік дәмінде сиыр және қой еті көп қолданылады. Ең дәмді тағамдарының бірі - әртүрлі кебабтар, оларды даярлауда өте көп дәмдеуіштер пайдаланылады. Жеңіл тамақтардың да түрлері аса мол: көкөніс және жеміс салаттары, қой ірімшігі, қытай бұршағы болмаса жүзім жапырағымен оралған күріш, тарттырылған қызанақ пен бұрыш т.б.

Көп қатпарлы, қамыр қабаттарының арасына ірімшік, дәмдеуіштер, ет, балық салған, ерекше «берек» бөліші жеңіл немесе негізгі тамақ ретінде ұсынылады. Түрік асханасында тәттілер ерекше маңызға ие. Әсіресе жұқа қатпарлы қамырдың арасына грек жаңғағы мен шекілдеуік жоңқасы салынған қырық қабатты «бахлава» («пахлава») ерекше кең таралған. Ұлттық сусыны — рақы (анис арағы), оны сумен араластырып, «арыстан сүті» деп атайды.

Түріктердің киімі жаңа заманға сай келеді. Кейбір қарт адамдар шалма мен тақия киеді. Әйелдер киімінде ұлттық нақыш ең жақсы сақталған: шәлі, ұзын әрі қарапайым көйлек; әйелдер далаға (тіпті жазда да) денесін жасыратын ұзын шапандар мен тозаңқаптар киіп шығады. Әйелдердің ұлттық киімі, әсіресе, ауылдық жерде жақсы сақталған. Ол голошо – орамал және кең, ұзын көйлек.

1928–1937 жылдары Ахыска түріктері репрессияға ұшырады. Ал Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ барлық ер адамдар майданға (40 мыңнан астам, 26 мыңы соғыстан қайтпаған)



жұмылдырылды. 1944 жылы қыста Ахыска түріктері Грузияның Ахалцих, Алиген, Адиген, Аспиндз, Ахалкалак және Богданов сияқты оңтүстік және оңтүстік батыс шекаралық аудандарынан Орта Азия мен Қазақстанға күштеп көшірілді. Барлығы 115,5 мың адам депортацияланды. Олар негізінен әйелдер, балалар және қарттар. Олардың 17 мыңы жолда қырылып кетті. Ахыска түріктері Қазақстан, Үзбекстан және Қырғызстанның әртүрлі облыстары мен жекелеген кенттеріне «ерекше жер аударылғандар» ретінде шоғырландырылды.

Түрген селолық округінің түрік ұлттық-мәдени орталығы кеңесінің төрағасы Мәжіліс Әмзаев сол бір қиын кездерді былай деп есіне алады: «Соғыстан кейінгі жылдары туыстарды іздестіріп табу өте қиынға соқты. Ер адамдар өз отбасын іздеп, Кавказдан Қазақстан мен Үзбекстанға жаяу жетті. 1944 жылдан 1956 жылға дейін 12 жыл бойына жер аударылғандар комендатура тәртібінде өмір сүрді. Ол кезде бір ауылдан екіншісіне туыстарды іздеп шығуға да рұқсат етілмейтін».

Басқа да халықтар сияқты Ахыска түріктерінің де өмірінде көп қиындықтар кездесті. Сол бір тар жол — тайғақ кешу жылдары, жоғалып кету, жан-жаққа ыдырап тарап кету, дәстүрлерін, салттарын, тілдерін, мәдениетін жоғалтып алу және халық ретінде құрып кетудің қаупі төнді. Бірақ біздің халық ешбір қажымастан қауымға сіңісе білді, өз тілінде сөйледі, дәстүрлері мен салттарын сақтады, ешқашанда өз тарихының ащы сабақтарын ұмытқан емес. Дегенмен де, көрген қуғыншылыққа қарамастан түріктер тірі қалып, мәдениетін, ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтап қала алды. Түріктердің тірі қалуына бірден бір септескен қазақ халқының жер аударылғандарды өте жылы қабылдауы еді. Аса бір қиын соғыстан кейінгі жылдары оларға қолдарынан келгеннің бәрін жасап, мүмкіндігінше көмек көрсетті. Оларға баспана беріп, бір үзім нанды бөліп жеді. 1956 жылы олардан арнаулы жүріп-тұру бойынша шектеу алынды, сөйтіп біразы Кавказға қайта оралды. Кеңестер Одағы тарағаннан кейін де депортацияланған халықтардың көбі өздерінің тарихи отанына орала бастады. Ал түріктер қайта алмады. Туған жері Грузия шекарасы олар үшін жабық еді. Қоныс аударушыларды қабылдап жатқан Түркияға да кетулеріне болар еді, бірақ ол жер Ахыска түріктерінің туған жері емес. Сөйтіп, түріктерді еркін де тыныш өмір сүретін мекеніне — Қазақстан жеріне тарихтың өзі қоныстандырды. Түріктердің көбі Қазақстанда біржолата орнығып қалды.

Ресми мәліметтер бойынша ҚР аумағында 84 000 түрік тұрады (01.01.2005 ж.), бірақ шындығында 150-200 мыңдай адам бар. Олардың нақты санын анықтау қиын, өйткені көптеген түріктердің төлқұжаттарында ұлты «әзірбайжан» болып көрсетілген. Оның бәрі тоталитарлық тәртіптің шектен шығуының салдарынан, көптеген түріктер төлқұжаттарында «бейтарап» ұлтты көрсетуге мәжбүр болғандығынан орын алды. Кейде оларды оған күштеп те мәжбүр етті. Қазірде бірінің ұлты түрік, екіншісі – «әзірбайжан» болған бірге туған екі азаматты кездестіруге болады. Тоталитарлық билік адамдардың өткенін, түп-тамырын ұмытуы үшін бәрін жасады. Бірақ түріктердің ынтымағының арқасында олар өз мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтай алды.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен Ахыска түріктері ұлттық кемсітушіліктен біржола арылды. 1991 жылдың ақпан айында Алматыда «Түркия» түріктер қоғамы республикалық ұйымы құрылды. Қоғамның негізгі мақсаты елдегі ұлтаралық келісімді нығайту, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттерін өзара жан-жақты байыту, түріктердің дәстүрлері, салттары және тілдерін сақтау және дамыту, жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу болды.

1996 жылы “Ахыска” қоғамдық ұйымы Түрік ұлттық орталығы ретінде қайта аталып, қайта тіркелді (ТҰО), оның төрағасы болып Қурдаев Тофик Ашимұлы сайланды. Осы кездері облыстарда, аудандарда түрік-ахыскалар көп шоғырланған жерлерде қоғамның филиалдары ашыла бастады. Ана тілін үйрететін сыныптар мен жексенбілік мектептер ашылды. Ұлттық ән-би ұжымдары ұйымдастырылды. Ұлт мәдениетінің кең ауқымда қайта түлеуі үшін жағдай жасалып, әртүрлі деңгейдегі фестивальдар өткізілетін болды.

1999 жылдың мамыр айынан қоғамдық бірлестіктің төрағасы болып Қасанов Зиядин Исмиханұлы сайланды.

Асиев Шахисмаил Ахметұлы – Алматы филиалының төрағасы, әрі Қазақстан Республикасы түріктерінің қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары. Ол ондай-ақ, біліктілігі мол, халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарымен, әртүрлі санаттағы тұрғындармен тез

тіл табысатын азамат ретінде белгілі. Жағдайға тез бейімделіп, қиын түйіннен оңай шешім таба біледі. Шахисмаилдың беделі мен жемісті еңбегі, көбіне түрік диаспорасын, әсіресе жастар арасындағы жұмысты белсенділендіруге, түрік орталығы мүшелері ұйымдастыратын барлық мәдени-спорттық шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оның тікелей басшылығымен және Зиядин Исмиханұлының көмегімен қоғам жұмысының тиімділігін арттыру бойынша көптеген істер атқарылды.

Бүгінде республикамызға және одан да тыс жерлерге халық ақындары Али Паша Вейсал-оғлы және Қараев Камал, жазушы Шыңғыс Бадалова, әнші-ақын Ахметов Маулет, театр мен кино әртісі Афрасоглы Микаел, «Қайрат» футбол клубының негізгі құрамының ойыншысы – Алиев Али, медицина ғылымдарының кандидаты, елуден астам ғылыми жұмыстардың авторы – Курдаев Тофик Ашимұлы, профессор, ғалым-химик, шет тілі және іскерлік қызмет институтының проректоры — Каримов Алибек Ниязұлы сияқты адамдардың есімдері белгілі.

Қоғам жұмыс істеген жылдар ішінде оның басшылары мен мүшелері біздің республикамызда және шет елдерде өткен жиырмаға жуық түрлі конференция, конгресс, құрылтай, семинарлар мен кездесулерге қатысты.

Қазіргі кезде Алматы облысының 12 орта мектебінде, түрік диаспораларының жинақталып тұрған жерінде түрік тілі сабағы өтеді. Туған тілінде оқитын балалар Қазақстандағы Түрік Республикасы елшілігінің көмегімен оқулықтармен, оқытушылар әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіледі. Мұғалімдер, балалар конкурсының жеңімпаз – оқушылары, қоғам белсенділері үнемі бағалы сыйлықтармен марапатталып отырылады. Жыл сайын 15-20 жас азамат Түркия Республикасына жоғары оқу орындарына оқуға жіберіледі. № 99 Алматы мектебінің базасында түрік тілі мұғалімдері үшін семинарлар ұйымдастырылады. Ұстаздар әр кездері Түркияға қабылдаушы жақтың қаржысы есебінен сынақтамаға жіберіледі. Түрік тілінен сабақ беретін 10 оқытушы Түркия үкіметі өткізетін семинарларға жыл сайын қатысады.

Сонымен қатар, оқу жылы ішінде Түркия елшілігі білім беру бөлімі «Ахыска» орталығы білім беру бөлімімен бірлесе отырып, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын өткізеді. Орталықта «Ахыска» футбол клубы құрылған, ол Қазақстан Республикасы чемпионатының 2-ші лигасының турниріне қатысады. Жыл сайын ұлттық спорт түрі «Гюреш» күресінен турнир, жасөспірімдер және ересектер арасында футболдан чемпионат өткізіледі. Республикалық, облыстық, және аймақтық мәдениет фестивалдары ұйымдастырылады.

Қазақстандағы түрік диаспорасына Түркия үкіметі үлкен қолдау көрсетіп отыр. «Мико» ұлттық театрының құрылуы халықтың мәдени және рухани дәстүрлерін дамытудағы маңызды кезең болып саналады. Театр труппасының қатысуымен «Тәтті бұлақ» атты алғашқы көркем фильм туған тілінде шығарылды. Бүгінде екінші фильмді түсіру аяқталды, ол «Қарыз» деп аталады.

2000 жылдан бастап үш тілде (қазақ, түрік, орыс) түрлі түсті қалыпта «Ахыска» газеті шығарылады. Ол біздің отандастарымыздың арасында үлкен сұранысқа және республикадағы ұлттық БАҚ арасында жоғары беделге ие. Түркияның SSN – TURKIYE телекомпаниясы түріктердің тіршілігі, дәстүр-салттары туралы телевизиялық деректі фильм түсірді.

«Ахыска» түріктерінің ішінен шыққан жазушылар мен ақындардың кітаптарын шығаруға және көбейтуге Түркия үкіметі тарапынан жан-жақты қаржылық көмек көрсетіледі.

Республикадағы түріктер көп шоғырланған ірі аймақ Алматы облысының Қарасай ауданы болып табылады. Оның аумағында шамамен 16 мың түрік тұрады. Қарасай аудандық түрік мәдени орталығын заңгер, ҚР адвокаттар Одағының мүшесі Камилов Илимдар Әлиұлы басқарады.